

*Ногайбаева Ж.С.<sup>1</sup>*

<sup>1</sup> *әл-Фараби ат. ҚазҰУ-нің 2 курс магистранты*

**XIX ҒАСЫРДЫҢ СОҢЫ МЕН XX ҒАСЫРДЫҢ БАС КЕЗІНДЕГІ  
ЖЕТІСУ АЙМАҒЫНДАҒЫ МӘДЕНИ-АҒАРТУ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ ЖҮРГІЗІЛУІ  
(БАСПАСӨЗ МАТЕРИАЛДАРЫ НЕГІЗІНДЕ)**

*Аңдатпа*

Мақалада XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасыр басында Жетісу өңіріндегі оқу-ағару саласына қатысты мәліметтер баспасөз материалдары негізінде баяндалады. Әсіресе Верный қаласында ашылған алғашқы ерлер гимназиясы мен оның жұмысы, қыздар гимназиясының жұмысы және онда білім берушілер туралы мәліметтер беріледі. Сонымен қатар аймақтағы алғашқы кітапханалар мен баспаханалардың ашылуы, мәдени-ағарту жұмысымен айналысатын арнайы клуб үйлерінің жұмысына қатысты материалдар баспасөз мәліметтері арқылы дәлелденеді.

**Тірек сөздер:** Жетісу, баспахана, кітапхана, гимназия, оқу-ағарту, түземдік мектептер, мұсылмандық мектептер.

*Nogaybaeva J.S.<sup>1</sup>*

<sup>1</sup> *graduate student of KazNU al - Farabi*

**CULTURAL AND EDUCATIONAL ACTIVITIES IN THE SEMIRECHYE REGION IN THE  
LATE XIX - EARLY XX CENTURIES  
(BASED ON PRESS MATERIAL)**

*Abstract*

The article covers information about the educational activities of the sphere in the Semirechie region in the late XIX - early XX centuries. The activities of the first grammar schools for boys and girls in the city of Verny are covered in particular detail. Thus, along with this, the opening of the district's first libraries, publishing houses and the work of specialized clubs engaged in cultural and educational activities can be traced, confirmed by a press release.

**Keywords:** Semirechye, printing house, library, gymnasium, education, native schools, Muslim schools.

*Ногайбаева Ж.С.<sup>1</sup>*

<sup>1</sup> *магистрант КазНУ имени аль-Фараби*

**КУЛЬТУРНО-ПРОСВЕТИТЕЛЬСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ  
В СЕМИРЕЧЕНСКОМ РЕГИОНЕ В КОНЦЕ XIX- НАЧАЛЕ XX ВВ.  
(ПО МАТЕРИАЛОМ ПРЕССЫ)**

*Аннотация*

В статье освещаются сведения об учебно-образовательной деятельности сферы в Семиреченском регионе в конце XIX- начале XX вв. Особенно подробно освещена деятельность первых гимназий для мальчиков и девочек в городе Верный. Таким образом, наряду с этим прослеживается открытие районных первых библиотек, издательств и работы специализированных клубов, занимающихся культурно-просветительской деятельностью, подтверждаются пресс-релизом.

**Ключевые слова:** Семиречье, типография, библиотека, гимназия, просвещение, туземские школы, мусульманские школы.

Жетісу аймағы еліміздің ежелден танымал елді мекендерінің қатарында екендігі белгілі. Жетісу аймағындағы қазіргі Алматы жері б.з.д. X-IX ғасырларда ертедегі жер өңдеушілер мен малшылардың қонысы болып келсе, ал б.з.д.VII ғасыр мен - б.з.д. дәуірінде сақтардың, кейіннен үйсіндердің тұрғылықты жері болған. Ал ортағасырлық қала мәдениетінің дамуы қарсаңында Алматы қаласы сауда, қолөнер және ауылшаруашылық орталығының біріне айналды[1]. Бұған осы жерде табылған XIII ғасырдың 2 күміс дирхем дәлел болып, дирхемде алғаш рет қаланың аты толығымен аталынады.

Жалпы Жетісу аймағы, ішінде оның XIX ғасырдың соңы мен XX ғасыр басындағы Верный қаласының оқу-ағарту ісі мен халықтың тұрмыс тіршілігіне қатысты материалдар Алматы қаласында орналасқан Қазақстан Республикасының Орталық кітапханасының сирек қорында сақталған «Обзор Семиреченской области» атты статистикалық шолуынан көптеген мәліметтер алуға болады. Сонымен бірге тікелей осы тұста Верныйда, кейін Алматыда жарық көрген «Джетысуйская правда», «Джетысуйская искра» және «Правда» сынды баспасөз беттерінен қаланың мәдени дамуына байланысты құнды деректерді кездестіруге болады.

Верный қаласында 1882-1913 жж. аралығындағы «Обзор Семиреченской области» атты статистикалық шолуы материалдары жарық көріп тұрғанын атап өттік, ал ол материалдар топтамасында Верный қаласындағы алғашқы оқу-орындары мен олардың дамуына байланысты мәліметтеріне талдау жасап өтсек:

Қазақ жерінің Ресейге қосылуы өлкенің әлеуметтік-экономикалық даму барысына әсер етіп қана қоймай, білім беру, ағарту саласының кеңеюіне барынша әсер етті. XIX ғасырдың екінші жартысында білім беру жүйесінің дамуы орыс тілінде білім беретін мектептердің ашылуымен байланысты болды. Осы тұста Верный қаласында: ерлер мен әйелдер гимназиясы, халық ағарту министрлігінің қалалық, приходтық және халықтық училищесі, шіркеулік, орыс-түземдік, ауылшаруашылық және түземдік мектептері орын тебе бастады[2].

Мәселен, 1886 жылғы мәліметтер бойынша жалпы Жетісуда барлығы 62 оқу орны болған және олардың көпшілігі Верныйда орналасқан. Соның ішіндегі ең ірісі Верныйдағы классикалық ерлер гимназиясы болып саналады. 1876 жылдың 1 қазанында Верный ерлер гимназиясы ашылып, жұмыс жасаған. Ал 1871 жылдың 31 шілдесінде Басқарма бекіткен Халық ағарту министрлігі ведомствосына қарасты прогимназиясының жарғысы негізінде алғашында 4 кластық прогимназиясы ашылса, ол 1879 жылдың 1 шілдесінен бастап 6 кластық болып қайта құрылып, 1881 жылдың 1 шілдесінен бастап толық классикалық гимназия қатарына өтеді.

Аталған оқу орнында білім беру ісі және білім алушылардың саны жыл санап көбейіп отырған. Мәселен, 1882 жылғы мәлімет бойынша Верный ерлер гимназиясында білім алушылардың саны 215 болып тіркелсе, 1901 жылдың 1 қаңтарында 275, 1914 жылдың сол айында олардың саны 361-ге жеткен [3].

Бұл гимназияда негізінен басым бөлігі ауқатты адамдардың балалары білім алған. Мысалы, 1899 жылғы санақ бойынша 260 оқушының ішінде 149-ы дворяндар мен шнеуліктер балалары деп көрсетілсе, 21-і діни адамдардың, 3-еуі бірінші сатылы көпестердің, 48-і мешандардың, қолөнершілердің және екінші топтағы көпестердің балалары, қалғандары 1 шаруа және 17 казактар мен қырғыз балалары болып табылған.

Ал гимназиядағы оқытушылар құрамына тоқталар болсақ: директор, мектеп инспекторлары және түрлі пәндер мен тіл пәндерінен беретін он бір оқытушы, сынып тәлімгерінің екі көмекшісі, шіркеу оқытушысы, ән және гимнастика пәндерінен беретін мұғалімдерден құралған.

Сонымен бірге осы оқу орындарында білім алған қазақ зиялыларының да есімдерін кездестіруге болады. Мәселен, 1876 жылы Верный ерлер гимназиясында қоғам қайраткері, алғашқы қазақ зиялыларының бірі Барлыбек Сыртанов білім алады. Оның оқуға қабілеттілігі мен құштарлығын байқаған гимназия директоры Д. Новак Б. Сыртановтың Ресей қалаларының бірінде жоғары білім алуына арнайы қаражат бөлуіне көмек көрсету мақсатында Жетісу облысының

әскери губернаторына нұсқау хат жолдаған [4]. Бұдан кейінгі тұста Барлыбек Сыртановтың елдің жарқын болашағы үшін қазақ жастарының білім алуы қажеттігін түсінеді. Соған орай ол жастарды білім алуға шақырды. Мәселен, Верный ерлер гимназиясын бітіріп шыққан азаматтары қатарынан М. Тынышпаев, С. Аманжолов, Б. Мәмбетов, Н. Жақыпбаев, Қ. Боранбаев, О. Жандосов, Ж. Бәрібаев, Ы. Дүйсенбаев, және т.б. азаматтар есімдерін кездестіруге болады.

Олардың қатарындағы қазақтың тұңғыш инженері М. Тынышпаев 1889-1900 жж. осы Верный ерлер гимназиясын алтын медальмен аяқтап шығады. Ал Жетісудағы 1916 жылғы қазақ халқының ұлт-азаттық көтерілісін ұйымдастырушылардың бірі Тоқаш Бокинда 1898-1906 жылдары аталмыш гимназияда білім алғандығын көруге болады [5].

1877 жылы Верный ерлер гимназиясының пансион ашылды. Пансион 40 оқушыға арналып, оның ішінде 20 оқушы бұратана халықтың балалары болса, қалған 20 оқушы әскери-халықтық басқармада қызметте жүрген шенеуніктер мен офицерлердің балаларынан құралды.

Сонымен бірге пансионның гимназияға түсушілерді оқытатын дайындық кластары болды. Онда негізінен жергілікті ұлт өкілдерінің балалары алынып, оларға орыс тілінде сөйлеу, оқу және жазу, есеп сабақтары өткізіліп отырған.

Мұнда алғаш оқушылардың саны 27 болса, 1887 жылы 32 оқушыны құрап, оның 28-і қырғыз және 4-і орыс оқушыларынан тұрды. Алдыңғы жылдармен салыстырғанда қырғыз балаларының оқу көрсеткіші қанағаттандырлықтай нәтиже көрсетіп, көбінесе оқуда ынталы және қабілетті болған. 1902 жылы оқушылар саны ұлғайып 42 болса, 1914 жылы олардың саны 58 тәрбиеленушіні құраған. Пансионда: дворяндар мен шенеуніктердің 20 баласы, қырғыздардың 19 баласы, көпестер мен құрметті азаматтардың 10, дін қызметшілерінің 3 баласы, казактардың 2 және шетелдіктердің 4 баласы (қытайлық манжур) білім алған. Алайда гимназияның алғашқы ғимараты 1887 жылғы жер сілкінісі кезінде қирап, 1895 жылы сол орнынан архитектор П.В. Гурдэнің жобасы бойынша ағаш ғимарат тұрғызылды [6].

Онымен бірге Верный қаласында әйелдер гимназиясы да жұмыс жасап, онда негізінен дворяндар мен шенеуніктердің, дін өкілдерінің, көпестер мен мешандардың қыздары білім алды. Ол 1876 жылы қыздар педагогикалық курстарның негізінде ашылды. Ал 1908 жылы гимназия жеті сыныптан, бір дайындық және бір қосымша немесе педагогикалық сыныптан тұрды. Әйелдер гимназиясында 1882 жылы білім алушылар саны 123 болып тіркелсе, 1901 жылы 253, 1914 жылдың қаңтарында олардың саны 575-ке жеткен. Олар негізінен педагогикалық мамандықтарды меңгеруге мүмкіндіктер алып отырған [7].

1902 жылы мұнда революциялық әдебиеттер оқумен шұғылданатын жасырын үйірме жұмыс істеді. Совет өкіметі орнағаннан кейін бұл 1-ші кеңес мектебі болып қайта құрылды. 1920 жылы Д.А. Фурмановтың ұсынысымен ауыл мектептеріне мұғалімдер даярлайтын 6 айлық курс ұйымдастырылды. Курстың комсомол ұйымы хатшысы Ғани Мұратбаев болды. 1928 жылы осы курс негізінде Қазақ педагогика институты ашылған болатын.

Сонымен бірге XIX ғасырдың ортасында Жетісу өлкесінде мұсылман мектептері мен медреселері ашыла бастады. Бұл мектептерде әсіресе қазақ балаларынан бөлек, тараншы, татар, дүнген балалары да білім алды. Оқушылар молдалардан шарифат пен құранды, хат оқуды үйренген. Бұл оқу орындарындағы басты пән құранды жатқа үйрету болғандықтан «Иман шарт», «Шарифат ул иман» сияқты діни кітаптар оқытылды. Сонымен қатар көрсетілген мерзім аралығында шәкірттер жазуды, оқуды, есеп шығаруды меңгеруге тиісті болды. 1882 жылғы санақ бойынша қалаларда бес мұсылман мектебі болған, төртеуі Верный қаласында орналасқан. Оның біреуі қыздарға арналған мұсылман мектебі, оқушылар саны - 32, төртеуі ерлерге арналған, оқушы саны-140 болған. 1895 жылы Верныйда әр қайсысында дәріс беруші 1 молдасы бар 1 тас мешіті, онда 20 ер бала оқыған, 1 дүңған мешіті 24 ер бала, 1 татар мешіті 40 ер бала, 30 қыз бала және 1 сарт мешіті 20 ер бала білім алған. Бұдан байқайтынымыз мұсылман мектептерінде білім алған оқушылардың арасында ер балалардың саны қыздарға қарағанда біршама көп болған [8].

Сонымен біз, XIX ғ. соңы мен XX ғ. басында Верный қаласында оқу-ағарту ісінің біраз жандана түскендігін және халық арасындағы сауат ашушылардың саны жыл санап ұлғайғандығын көре аламыз. Десек те, сол білім алушылардың арасында қазақ балаларының саны аз екендігін және тек ауқатты жанұялар мен шенеуліктер балалары білім алғандығын көруге болады.

Аталған кезеңде Жетісу өлкесі, оның ішінде Верныйда оқу ағарту ісінің жандануымен қатар мәдени-ғылыми саланың да жандана бастағандығы туралы мәліметтерді кездестіреміз. Сол жылдардың кезінде-ақ Верный қаласының мәдениетіне ерекше көңіл бөліп Патша үкіметі мәдени-ағарту мекемелерінің ұдайы өсе беруіне әрдайым қамқорлық жасап келген.

Мәселен, халықтың сауатын ашуға үлкен септігін тигізген кітапхана ісінің де жұмысының жанданғанын көруге болады. 1910 жылғы мәлімет бойынша облыста 1 қоғамдық, Верныйда Л.Н. Толстой атындағы кітапхана және 1 мұсылмандық оқуханасы жұмыс жасаған. Бұл кітапханаларды көзі ашық сауаттылар, әсіресе білім беру ісіне үлес қосушы мамандар пайдаланып отырды. Кітапхана жұмысының жандануы турасында «Джетысуйская правда» газеті беттерінде де аталынып өтіледі. Мәселен, «Культура и просвещение. Библиотечная выставка» атты мақалада «7 қараша күні пролетариат жұмысшыларының жеңісіне 5 жыл толуына орай арнайы қоғамдық кітап көрмесі өтті. Ол 7-8-9 күндеріне дейін өтілді» деп атай отырып, жалпы көрмеге өткен ғасырдың 60-70 жылдарындағы атақты орыс жазушыларының шығармалары қойылғандығы айтылады. Тіпті, көрмеде түрік тілді басылымдардың да бар екендігі және олар арнайы столдарға орналасқандығы сөз болған [9]. Яғни басылым беттері арқылы кітапхана ісінің де өңірде тез дамып, үлкен жұмыстар атқарғандығы байқалады.

Сонымен бірге оқу-ағарту саласы бойынша кітап, журнал және газеттерді жасап шығарып, халық арасында таралуы – баспасөз ісінің дамуына негіз қалады. Соған орай 1895 жылғы мәлімет бойынша Верныйда 4 баспахана жұмыс жасаған. Оның біреуі - Облыстық Басқарма жанында құрылған баспахана, тағы біреуі - Жетісу казак әскерінің әскери басқармасының жанындағы, ал қалған екеуі жеке адамдарға тиесілі баспаханалар болған. Осы баспа ісі туралы «Джетысуйская правда» газетінде «Издательское дело в Джетысуйской области за 1918-1921 годы» атты мақала берілген [10]. Мақалада 1918 жылдың мамыр айынан бастап облыста баспаханаларды мемлекет меншігіне айналдыру ісі жүргізілгендігі баяндалған. Жаңадан құрылған Облыстық халық баспасының құрамына Жетісу облыстық басқармасы, Жетісу әскери басқармасы, Мұсылман қоғамы, Иванов, Зырянов және Обухов баспаханалары кірген. Облыстық халық баспаханасының 1918 жылы атқарылған жұмыстары туралы мәлімет шектеулі, тек Верныйлық мұғалімдер семинарында В.Д. Городецконың 126 беттен тұратын 300 дана болып шыққан «Записки по методике начального естествознания» атты қолжазбасының таратылғаны сөз болады. Осы жылы күнделікті шығарылып отырған газеттер қатарынан бастапқыда «Заря свободы», кейін «Вестник Семиреченского Трудового народа» ) газеттерін кездесіруге болады. Ал 1919 жылдан бастап баспа ісінің атқарылған жұмыстары туралы мәліметтер толық кездеседі. Мәселен, 1919 жылы орыс тілінде 10 кітап пен кітапша шығып, оның 11500 данасы үлестірілген. Олардың арасында «Детский сад и его работа», Лев Малининнің құрастыруымен «Что такое социализм и как большевики предполагают его осуществить» атты басылымдар жарық көрді [11].

Баспахана ісінің тұрақты жұмысы 1919 жылдың 1 шілдесіне дейін «Вестник Семиреченского трудового народа», ал 1 шілде мен 13 желтоқсан аралығында «Голос Семиречья» атты газеттің жарық көріп отыруынан көруге болады. Жалпы газеттің таралымы 2000 дана болып шығып, кейін осы жылдың желтоқсаннан бастап газеттің атауы «Правда» деп өзгертіліп, таралым саны сол қалпында қалғанын көреміз.

Сонымен бірге Жетісу облыстық атқарушы комитетінің Ұлттық бөлімімен аптасына шамамен екі рет 1500-2000 данада мұсылмандық газеті жарық көрді. Алғашында газет «Джетысу Мухбире» («Вестник Семиреченского Трудового Народа»), кейін «Кумек» («Помощь») атауымен шыға бастаған. Бұдан бөлек, қараша айынан бастап аптасына екі рет 2000 данада «Искра» (Ұшқын) газеті шыға бастады. Сөйтіп, жалпы газеттің 1919 жылы 10 нөмірі жарық көрген [12].

1920 жылы Түркістан компартиясы Жетісу облыстық комитеті мен облыстық әскери-революциялық комитет органдарында «Правда» газеті күнделікті шығып отырды. 1921 жылдың ақпан айынан бастап таралым саны 4600 данаға дейін көбейе түскен.

1920 жылдың алғашқы 5 айында түркі тілінде аптасына 2-3 рет «Учкун» («Искра») газеті шығарылып отырды. Жылдың екінші жартыжылдығында газет «Фукара» (Беднота) деген атаумен өзгертіліп, айына 2-3 реттен шығарыла бастаған. Аталған басылымдардың барлығы сол тұстағы Жетісу аймағының мәдени-рухани дамуынан мол мағлұматтар берумен ерекшеленді.

Сондай-ақ өлкеде мәдени-ағарту жұмыстарының жандануына XX ғасырдың 20 жылдарындағы клубтардың ашылуы, ондағы атқарылған жұмыстар үлкен ықпалын тигізді. Бұл туралы «Правда», «Джетысуйская правда» сынды баспасөз беттерінде «Рабочая жизнь. Как живет и что надо рабочему клубу?», «Профессиональная жизнь. Рабочий клуб», «Рабочая жизнь. Еще о центральном Рабочем клубе», «Рабочая жизнь. На открытии Рабочего клуба», «Клуб молодежи в Джетысу» [13] атты мақалалар жарық көріп, оларға қатысты мол мағлұматтар берілген. Енді солардың біразын талдап, тоқталып өтейік:

Жалпы Жетісу уезіндегі клубтардың саны – 37 болса, олардың саны жағынан ең көбі Верный қаласында шоғырланған. Атап айтар болсақ, «Жұмысшылар клубы», «Жастар клубы» және

«Балалар клубы». Клубтарға жүктелген міндет ауыр болды. Кеңестік үлгіге негізделген клуб мекемелерінің басты міндеттерінің біріне қоғамдық кітапханалар, мұражай, кинотеатр, мәдениет және демалыс саябақтары жұмыстарының жүргізілуін қадағалап, сауатсыздықпен күрес жүргізу болды. 1922 жылдың 30 қаңтарында сағат кешкі 6-да Алматыда Ленин атындағы Орталық жұмысшылар клубы ашылды. Клубтың ішінде кітапхана мен мерзімдік басылым залы халықтың сауатын ашу мақсатында жұмыстарын қарқынды жүргізген. Жұмысшылар клубының басты міндеті: а) өндірістік үгіт жүргізу; в) жұмысшылар тобына коммунистік тәрбие беру; с) жұмысшылардың жалпы мәдени деңгейін көтеру болатын. Бұл тапсырмалар қиын әрі көлемді болды. Олар клубтық жұмыстың екі негізгі формасымен жүргізілді: тереңдетілген үйірмелік және көпшілік жұмыстары. Көпшілік жұмыстары – бұл: дәрістер, кеңестер, пікірсайыстар, рефераттар, концерттер, спектакльдер мен әртүрлі спорт ойындарын өткізу болса, тереңдетілген жұмыстар қатарына көркемөнер, саяси, ғылыми мәселелерді меңгеру мақсатында үйірмелер жүргізілді. Сонымен қатар, болашақ ұрпақтың тәрбиесі мен жеке тұлға болып қалыптасуы үшін клубтар ашыла бастады. Соның бірі Облыстық көпшілік кітапханасының негізіндегі-«Балалар клубы». Клуб балалардың жан-жақты дамуы мен өсуіне байланысты барлық талаптарға сай жұмыс істеп, айтарлықтай жақсы нәтижелер көрсеткен. Мысалға, клубта үйірме мүшелерінің қатысуымен балалар концерттері өткізіліп тұрған. Клуб балалары ән айт, би билеу т.б. өнерлерімен халыққа жақсы көңіл-күй сыйлап, өздерінде әрдайым жетілдіріп отырған.

Айта кететін маңызды жәйт, клубтарда орыс қауымынан бөлек, мұсылман зиялылары да саяси және ғылыми үйірмелерді басқарып, тәрбиелеу жұмыстарына жіті араласқан.

Сонымен қатар, клубтық жұмыстар халықтың мәдени-рухани әлеуетін көтеріп қана қоймай, кеңестік саясатты халыққа насихаттауымен де ерекшеленген.

Басылым беттеріне үңіле отырып, Жетісу аймағында арнайы жетімдер үйі турасында да мәліметтерді кездестіреміз. «Джетысуйская правда» газетіндегі «Помощь детям» атты мақаладан жетімдер үйіне көрсетілген түрлі іс-шаралардың өткізілгендігін байқаймыз. Мәселен, 1924-1925 жылдары жетімдер үйінде түрлі қиындықтар туындаған. Осы жылдары жетімдер үйі, педагогикалық, техникалық орындар бірте-бірте қысқартыла бастаған. Аталған жерлердің орындарында жөндеулер уақтылы жүргізілмей, жылу жүйесі аз мөлшерде берілгендігі байқалады. Мысалы, Алматы қаласындағы Перецкой атындағы жетімдер үйінде 8 градусық жылылықты көрсетсе, Абай атындағы жетімдер үйінде жылуға бөлінген қаржының 45% ғана берілгендігі көрсетіледі. Бір баланың тамағына бөлінген сом 1 сәуірге дейін 1 сом 50 тиын болса, 1 сәуірден бастап 4 сом 50 тиынды құраған. Балаларға киім, аяқ киім, төсеніш орындары жетіспеген. Соған орай қайырымдылық қорлары кедейлер мен жетімдерге киім-кешек, азық-түлік, дәрі-дәрмек жағынан көмек көрсетіп отырған [14].

Қорыта айтқанда, XX ғасыр басында Жетісу аймағы, оның ішінде Верный қаласы қаласы өлкенің тарихи-мәдени орталығы болып қана қоймай, сол тұстағы нағыз ағарту саласының өзегі болумен ерекшеленіп отыр. Олай дейтініміз, баспасөз беттері мен сол жылдары шығарылып отырған кітаптардың бетінде сақталған деректер мұның нақты дәлелі болып отыр. Аталған кезеңде жарық көрген барлық басылым беттерін ақтара отырып, оларға жекелей талдау жасау арқылы кітапхана ісі, халық сауаттылығын арттыру, клубтық жұмыстар мен баспахана ісінің дамуы, жетімдер үйінің жұмысы туралы мәліметтер тобын кездестіруге болады. Бұл Жетісу өлкесі мен оның XIX ғасырдың соңы XX ғасыр басындағы мәдени-ағарту жұмыстары туралы мол мағлұматтар бере отырып, өлке тарихына қатысты тарихи мәліметтерді топтасуға мол мүмкіндік бере алады.

#### *Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. «Қазақстан». Ұлттық энциклопедиясы. I Том.
2. «Джетысуйская искра» газеті: 1929 ж. № 66.
3. «Джетысуйская правда» газеті: 1922 ж. № 40. 4-б
4. ҚР ОМА, 64-қор, 1-тізбе, 2911-іс, 4-бет
5. «Джетысуйская правда» газеті: 1922 ж. № 44. 2-б
6. «Правда» газеті: 1922 ж. № 31.3-б
7. «Джетысуйская правда» газеті: 1923 ж. № 1.2-3 бб.
8. «Джетысуйская правда» газеті: 1923 ж. № 2. 4-б
9. «Джетысуйская правда» газеті: 1923 ж. № 4. 3-б
10. «Джетысуйская правда» газеті: 1922 ж. № 40. 2-б
11. Обзор Семиреченской области за 1877 год. Верный: Тип. Семир. Обл. Правления, 1878.

12. *Обзор Семиреченской области за 1890 год. Верный: Тип. Семир. Обл. Правления, 1891. 101-104 с.;*
13. *Обзор Семиреченской области за 1901 год. Верный: Тип. Семир. Обл. Правления, 1902. 52-61 с.*
14. *«Джетысуйская правда» газеті: 1923 ж. № 4. 3-б*

**List of references:**

1. "Kazakhstan".National Encyclopedia. Volume I.
2. *Jetysuyskaya Iskra newspaper: No. 66 of 1929.*
3. *newspaper "Jetysuyskaya Pravda": No. 40. 4-p. 1922*
4. *Secondary School of the Republic of Kazakhstan, fund 64, list 1, case 2911, page 4*
5. *newspaper "Jetysuyskaya Pravda": No. 44. 2-p. 1922*
6. *Pravda newspaper: No. 31.3-B of 1922*
7. *newspaper "Jetysuyskaya Pravda": op No. 1.2-3 of 1923.*
8. *newspaper "Jetysuyskaya Pravda": 1923 No. 2. 4-p*
9. *newspaper "Jetysuyskaya Pravda": 1923 No. 4. 3-p*
10. *Newspaper "Jetysuyskaya Pravda": No. 40. 2-p. 1922*
11. *review of the Semirechensk region in 1877. Verny: Type. Seven. Region. Pravleniya, 1878.*
12. *review of the Semirechensk region for 1890. Verny: Type. Seven. Region. Pravleniya, 1891. 101-104 P.;*
13. *review of the Semirechensk region for 1901. Verny: Type. Seven. Region. Pravleniya, 1902. 52-61 P.*
14. *newspaper "Jetysuyskaya Pravda": 1923 No. 4. 3-p*